

6.1.	Тікелей тартылған шығындар*								
6.2.	Жалпы шығындар								
	Жиыны:								

Ескертпе:

* тікелей тартылған шығындар, яғни тек бір (нақты) көрсетілетін қызмет ұсынумен байланысты шығындар бөлу коэффициенттері бойынша бөлінбейді және нақты көрсетілетін қызметке тікелей жатқызылады. Бұл ретте есепті толтырған кезде тікелей тартылған шығындар сомасы осы кестенің тиісті 7, 9 не 11-бағандарына жазылады.

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі _____ қолы _____

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі _____ қолы _____

_____ жылғы " ____ " _____

әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Көрсетілетін қызмет түрлері бойынша шығындарды бөлу туралы есеп (индекс-РУ-Жылу-5, кезеңділігі: жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру және (немесе) бөлу жөніндегі қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі – субъект) көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша шығындарды бөлу туралы есепті дайындауға арналған.

Субъектілер реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алуды жүзеге асырады.

2. Құндық мәндегі барлық көрсеткіштер ондық таңбасыз мың теңгемен толтырылады.

3. Есепке субъектінің басшысы мен бас бухгалтері қол қояды. Есеп уәкілетті органның ведомствосына электрондық және қағаз жеткізгіште ұсынылады

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысанды толтыру кезінде субъект кәсіпорынның атауын сол жақ жоғарғы бұрышта, ал оң жақ жоғарғы бұрышта уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің тиісті қосымшасын көрсетуге міндетті.

Субъект алдыңғы күнтізбелік жылдың мәліметтерін толтырады.

5. Шығындарды қалыптастыру үшін бухгалтерлік есеп деректері пайдаланылады. Бухгалтерлік есепте тікелей шығындар әрбір реттеліп көрсетілетін қызметке және тұтастай өзге қызметке сәйкес келетін жекелеген шоттарда (қосалқы шоттарда) құрылады. Жалпы шығындар үшін бухгалтерлік есепте шығындардың жеке шоттары (қосалқы шоттары) көзделеді.

6. Бөлек есепке реттеліп көрсетілетін қызметтерді және өзге де қызметті ұсынуға арналған субъектінің барлық шығындары жатады, оның ішінде осы Қағидаларға сәйкес Тарифте есепке алынатын және есепке алынбайтын шығындар тізбесіне, Тарифте есепке алынатын шығындардың мөлшерін шектеу қағидасына (бұдан әрі –Тізбе және қағида) сәйкес ескерілмейтін және ескерілетін шығындар жатады.

1-бағанда негізгі құралдардың атаулары бойынша реттік сандары көрсетіледі.

2-бағанда субъект ұсынатын қызмет түрлері бойынша шығындардың атауы туралы ақпарат көрсетіледі.

3-бағанда бухгалтерлік есеп бойынша есепті кезеңдегі жалпы сома көрсетіледі, мың теңге (4-баған + 5-баған).

7. Шығындардың жиынтық сомасы кезең шығыстарын субъект тиісті кезеңге Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жасаған қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептің "Өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құны" деген жолда көрсетілген деректерге сәйкес келеді.

8. Кезең шығыстарының жиынтық сомасы субъект тиісті кезеңге Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жасаған қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептің "Кезең шығыстары" деген жолда көрсетілген деректерге сәйкес келеді.

9. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің есептік (қалдық) құны тиісті күнгі бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес келеді.

4-бағанда Тізбе және қағида бойынша тарифте ескерілмеген шығындардың сомасы туралы деректер көрсетіледі.

5-бағанда Тізбе және қағида бойынша шығындардың сомасы туралы ақпарат көрсетіледі.

6, 7, 8, 9, 10 және 11-бағандарда реттеліп көрсетілетін (жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру және (немесе) тарату және өзге де қызметтер (реттеліп көрсетілетін қызметтермен технологиялық байланысты қызметтер және уәкілетті органның ведомствосымен келісілген өзге қызмет) бөлінісінде Тізбе және қағида бойынша шығындар сомасының деректері көрсетіледі, оның ішінде:

6-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілетін қызметін бөлу коэффициенті туралы ақпарат көрсетіледі;

7-бағанда реттеліп көрсетілетін қызмет шығындарының сомасы туралы деректер көрсетіледі (6-баған* 5-баған);

8-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілетін қызметін бөлу коэффициенті туралы ақпарат көрсетіледі;

9-бағанда реттеліп көрсетілетін қызмет шығындарының сомасы туралы деректер көрсетіледі (8-баған * 5-баған);

10-бағанда субъектінің өзге қызметтерін (реттеліп көрсетілетін қызметтермен технологиялық байланысты қызметтер және уәкілетті органның ведомствосымен келісілген өзге қызмет) бөлу коэффициенті туралы ақпарат көрсетіледі.

11-бағанда субъектінің тиісті реттеліп көрсетілмейтін қызметі шығындарының сомасы туралы деректер көрсетіледі (10-баған *5-баған).

Әрбір баптың ішіндегі шығындар жете нақтылануы мүмкін.